

Тлеулинова Мейрамкүл Бейсенбайқызының
«Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың
орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда сақталуы» атты
«8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» мамандығы бойынша
философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алуы үшін ұсынылған
диссертациялық зерттеуі жөніндегі ғылыми кеңесші
ПІКІРІ

Аталған диссертациялық зерттеу түпнұсқа мәтіннің ұлттық ерекшеліктерін сақтау мәселесімен тығыз байланыстағы аударма ғылымының осы күнге дейін маңыздылығын жоғалтпаған мәселесіне арналған. Көркем шығарманы өзге тілде жаңғырту үшін ұлттың мекен ету ортасының, тұрмыс-тіршілігінің, менталитетінің ерекшеліктерін көрсететін ұлттық сипатының бірқатар елеулі тұстарын сақтап, аудармада көрсетудің маңызы зор.

Кез келген аудармада мәтінді барабар жеткізудің ең үлкен қиындығы әр түрлі ұлттық-этникалық және мәдени-тарихи топтарға жататын, кейде әртүрлі діни-философиялық дәстүрлерде тәрбиеленетін оқырмандардың әдебиетіндегі ұлттық-мәдени айырмашылықты жеңу болып табылады. Осыған байланысты түпнұсқа мәтінінің ұлттық-мәдени ерекшелігін жеткізу мәселесі туындайды. Аударматану теоретиктердің пікірінше, осы мақсатта аудармашы түпнұсқаның ұлттық-мәдени ерекшелігінің маңызды сипатын ашатын тілдік элементтерін тандап алуы керек, оның өзіндік ұлттық-сипаттағы ерекшеліктерін де ескеруі қажет. Сондықтан, қазақ әдебиетінде өзіндік ұлттық стилімен, ұлттық сарынымен ерекшеленетін әйгілі жазушы Дулат Исабековтың шығармаларының орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармалары жан-жақты зерттелінеді.

Жалпы адамзатқа ортақ құндылықтармен қатар, авторда ұлттық сипаттың қаншалықты көрініс табуы, шығарма тіліне ғана емес мазмұнына әсер ететінін аңғаруға болады. Бұл жағдай Қазақстанда «Рухани жаңғыру» бағытындағы мемлекеттік бағдарламалар нысаны ретінде әйгілі жазушылардың шығармаларын әлем тілдеріне аударылуы аударма ғылымына үлкен жүк артады. Автор мен аудармашы тілдерінің ұлттық сипатын зерттеу дүние жүзі елдерін бір-бірімен жақындастыратын, мәдениетті байытатын көркем аударманың күрделі түрлерінің бірі және аударма ғылымының басым бағыты деген атауға тұрады. Аударматануда ұлттық сарында жазылған мәтіндерді лингвистикалық аспектіде қарастыруға арналған Тлеулинова Мейрамкүл Бейсенбайқызының докторлық диссертациясының тақырыбы жалпы және жеке аударма теориясы мәселелерімен сәйкестігі оның өзектілігін айқындайды.

Ізденуші зерттеу нысаны ретінде Д. Исабековтың «Сүйекші», «Гауһартас», «Біз соғысты көрген жоқпыз», «Қаблан» және «Дермене» шығармаларындағы ұлттық сипаттағы лексиканы (реалия сөздер, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, одағай, дисфемизм, қаратпа сөздер) және оның орыс, ағылшын тілдеріндегі аудармаларын қарастырады.

Диссертацияның нәтижелері бойынша Дулат Исабековтың бес шығармасының мәтініне статистикалық талдау жасалынып, автор тілінің ұлттық ерекшелігін, ұлттық танымын сипаттайтын ұлттық-мәдени лексикасын саралайды. Сонымен қатар, аталған лексиканың орыс және ағылшын тілдеріндегі аударма мәтіндерінде берілуіндегі форенизациялау мен доместикациялау деңгейлері аударма тілдері арасындағы пайыздық ара-қатынасы зерттелінеді.

Зерттеу барысында ізденуші салыстырмалы-салғастырмалы талдауды қолдана отырып, түпнұсқа мәтініндегі 1000-ға жуық ұлттық нақыштағы лексика бірліктерін іріктеп, олардың қайталану жиілігінің аударма мәтіндерінде сақталуын анықтап, форенизациялау мен доместикациялау деңгейлерін анықтау арқылы түпнұсқадағы ұлттық-мәдени тіл бірліктерінің, екі тілдегі аударма мәтіндерінде жазушы шығармаларының түпнұсқа мәтініндегі мәдени ақпараттың сақталуы немесе сақталмауы мәселесін шешеді.

Сонымен қатар, аудармашылардың жоғарыда аталған міндеттерді шешуде қолданған тәсілдері тізіледі. Кейбір ұлттық-мәдени ақпаратты беру кезінде орыс және ағылшын аудармашылары қолданған тәсілдердің жазушы мәтініндегі ұлттық нақыштың әлсіреуіне алып келетінін дәлелдейді және заңдылық ретінде дәлелдейді. Көркем аударманың теориялық негіздерін қарастыру арқылы ұлттық-мәдени мазмұнды жеткізудің көпқырлылығын және аудармашының кәсіби, лингвомәдени, интерпретациялық қабілеттерін қажет ететін күрделі үдеріс екенін көрсетеді.

Ізденуші Д. Исабеков шығармаларының ұлттық сипатын бейнелейтін тілдік элементтерді іріктеп, жүйелеумен қатар, таңдалынып алынған ұлттық сипаттағы лексиканың орыс және ағылшын тілдеріне түпнұсқа/аударма жұбындағы аудармаларына салыстырмалы, лексикалық-семантикалық, құрылымдық және мазмұндық талдау жүргізеді. Аудармада қиындық тудыратын ұлттық сипаттағы лексиканы аударудың әдістері мен стратегияларына жіктеу жасалынады.

Зерттеу жұмысының тағы бір ерекшелігі ретінде ізденушінің Д.Исабековтың «Дермене» повесіне тікелей ағылшын тіліне өз бетімен жасалған аудармасын айтуға болады. Зерттеу нәтижесінде көркем аудармада тілдің ұлттық сипаты мен ұлттық бояуын сақтаудың тиімді жолдары ұсынылады.

Ізденуші аудармашылардың стратегияларын, ұлттық сипаттағы лексиканы аударма берудің негізгі әдістерін анықтауда маңызды жұмыс атқарды. Аударманың баламалығына маңызды әсер ететін авторлық ой-пікірін нақтылау мақсатында диссертант жазушы Дулат Исабековпен жеке сұхбат жүргізді.

Диссертант жүргізген зерттеудің әдіснамалық тұрғысынан негізделген, әдістемелік жағынан құрылған және лингвистикалық тұрғыдағы құрылым және реалияны салыстырмалы, лексика-семантикалық және контекстуалдық талдауы аударманы көп өлшемді процесс ретінде қарастыруға мүмкіндік берді. Қорғауға ұсынылған тұжырымдардың барлығы дәлелденді. Диссертацияның практикалық маңыздылығы зерттеу материалдарын аударма

теориясы мен практикасы пәндерін оқыту тәжірибесінде қолдануға болатындығымен дәлелденеді.

Ізденуші зерттеу тақырыбы бойынша 8 мақала жариялады, оның ішінде 1 мақала Scopus деректер базасында тіркелген журналда басылды.

Қорыта айтқанда, Тлеулинова Мейрамкүл Бейсенбайқызының «Дулат Исабеков шығармаларындағы ұлттық сипаттың орыс және ағылшын тілдеріндегі аудармаларда сақталуы» атты диссертациялық жұмысының мазмұны «8D02302 – Аударма ісі (батыс тілдері)» мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін диссертацияға қойылатын талаптарға сай келеді және диссертациялық кеңесте қорғауға ұсынылады.

Отандық ғылыми кеңесші:

филология ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
шетел филологиясы және аударма ісі
кафедрасының доценті

Сейд

С.Д. Сейденова

Қолын растаймын
Подпись заверяю

Мухоморова Н.А.